



Автор: ӘШІРБАЕВА ГҮЛАЙНА ҚАНЫБЕКҚЫЗЫ

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Ондық бөлшектерді көбейту

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.28 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке көбейтуді орындау;
Сабақтың мақсаты:	Тақырып аясында берілген есептерді шығара алады, яғни теориялық алған білімін практикада қолдана алады.
Тілдік мақсаттар:	Осы тақырыпқа қатысты терминдерді үш тілде меңгереді, қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі әдебиеттердегі материалдарды меңгере алады. Ол үшін мынадай сөздіктер қолданамын. Қазақша Русский English Ондық бөлшек Десятичная дробь Tenth Fraction эквивалент эквивалент Equivalent бөлігі часть Part алымы числитель Numerator бөлімі знаменатель Denominator Дұрыс бөлшек Правильная дробь Proper (simple) fraction Бұрыс бөлшек Неправильная дробь Improper fraction Аралас сан Смешанное число Mixed number Бүтін бөлігі Целая часть Quotient қалдық остаток Remainder Бүтін сан Целое число Whole number Сан ось Числовая ось Number line Бөлшекті түрлендіру Преобразование дроби Enlarging a fraction ықшамдау упростить Simplify ықшамдау упростить Reduce Мәтіндік есептер Текстовое задачи Written problems Рационал сан Рациональное число Rational number
Күтілетін нәтиже:	Барлығы - Ондық бөлшектерді жазуды және салыстыруды біледі. Көпшілігі- Тақырып аясында берілген есептерді шығара алады. Кейбірі – Теориялық алған білімін практикада қолдана алады.
Бағалау критерийлері:	-ондық бөлшектерді ондық бөлшектерге көбейту; -үтірді дұрыс жылжыта білу. -амалдардың орындалу ретін анықтайды; -шешімін дұрыс табады; - теориялық білімін практикада қолдану.
Құндылықтарды дарыту:	Әділдікке, патриоттыққа тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерін дамыту
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта, интернет ресурстары (гифтер), тартпа материалдар, көрнекі-демонстрациялық құралдар, фигуралар
Пәнаралық байланыс:	қазақ тілі, геометрия.
Бастапқы білім:	-ондық бөлшектерді оқуды және жазуды біледі; -ондық бөлшектерді жай бөлшектерге айналдыра алады; -ондық бөлшектерді салыстыра алады; -ондық бөлшектерге қосу, алу амалдарын қолдана алу; -ондық бөлшектерді натурал санға көбейте алады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы
(5-7 минут)

Психологиялық ахуал
«Достық кілті» әдісі
Оқушылармен сәлемдесіп болған соң, партада жатқан қызыл және жасыл кілттерді оқушылар таңдайды да араласып шеңбер құрып тұрады. Кілттердің ішінде сұрақтар жасырылған. Әр оқушы өзінің қолындағы кілттегі сұрақты жанындағы оқушыға оқиды, екінші оқушы жауап берген соң оған кілтті тапсырады. Осылайша қызыл кілтті алған оқушының қолындағы кілт жасыл түске өзгере кетеді. Қызыл түсті кілті барлар «ондық бөлшектер» тобы, жасыл түсті кілті барлар «көбейту» тобына жайғасады. Екі топтың атына қарай отырып бүгінгі өтетін тақырып анықталады, осы сабақта қол жеткізілетін мақсатпен оқушылар таныстырамын.

Сабақтың ортасы (20-25 минут)	Мұғалімнің жаңа тақырыпты түсіндіруі « Шиыршық» әдісі Өткенсабақтарды пысықтай отырып жаңа сабаққа байлан ысты бір – екі мысалкелтіремін. $ \begin{array}{r} 12,3 \\ * 11,4 \\ \hline 492 \\ + 123 \\ + 123 \\ \hline 140,22 \\ 0,18 \\ * 14 \\ \hline 072 \\ + 018 \\ \hline 02,52 \end{array} $ Ұжымдық жұмыс: «Адасқан әріптер» әдісі Критерий : -ондық бөлшектерді ондық бөлшектерге көбейту; -үтірді дұрыс жылжыта білу. Адасқан әріптердің артында есептер жасырылған. Әр топқа белгілі бір сөз шығатындай әріптер беріледі. Олар әр есепті дұрыс шеше отырып ,тақтада ілініп тұрған сандардың ішінен жауабын тауып, сол әріпті тұсынаіледі. Адасқан әріптерден сөз құрастырады. 1-сөз «А»- $7,5*1,2 = 9$ «Л» - $11,8*1,1=12,98$ «F»- $0,12*1,6=0,192$ «Ы»-$18,1*0,6=10,86$ «P»- $55,4*1,3=72,02$ 2-сөз «Т»-$12,3*3,1=38,13$ «А»-$6,86*1=6,86$ «П»- $12,25*4=49$ «Қ»-$6,3*2,5=15,75$ «Ы»-$15,1*1,2=18,12$ «Р» - $6,8*1,9=12,92$ Дескриптор : -ондық бөлшектерді ондық бөлшекке көбейте алады; -үтірді дұрыс жылжыта алады. Қалыптастырушы бағалау: «От шашу» әдісі Топтық жұмыс : «Квест әдісі» Критерий : -амалдардың орындалу ретін анықтайды; -шешімін дұрыс табады. Екі топтан бір-бір оқушыдан шығады. Стрелкамен көрсетілген бағытқа қарай жүріп өтіп жасырылған конвертті табады. Ішінде жасырылған есепті топпен бірге шешеді. 1 топқа 1) $(23,6*8,2)-(11,3* 4,8) = 193,52-54,24=139,28$ 2 топқа: 1) $(38,6-11,3) * (9,1+4,2) = 27,3*13,3=363,09$ Дескриптор : -орындалу ретін біледі; -шешімін дұрыс таба алады. Қалыптастырушы бағалау: «Бағдаршам» әдісі (мұғалімнің бағалауы) Жұптық жұмыс: «Ойлан,тап!» әдісі Критерий: - теориялық білімін практика қолдану. Оқушылар жұптасып отырады. Әр жұп ортаға шығып үстел үстіндегі кеспе қағаздардың бірін таңдап алады. Кеспе қағаздарда өткен сабақтарды еске түсіру үшін жасырылған сұрақтар болады. Жұптар ойласып, өз шешімдерін айтады. Ойлануға бір минут уақыт беріледі. 1) Жай сандар дегеніміз не? Мысалдар келтіріңіз? 1-ден 20-ға дейінгі жай сандардың қосындысы қаншаға тең? 2) Бірнеше объектінің бірігіп жұмыс жасауына байланысты мәселе есептер қалай шығарылады? 3) Дұрыс бөлшек,бұрыс бөлшек,аралас бөлшек, ондық бөлшек деген не? Бір мысалдан келтір 4) Кез келген санның «1» дәрежесі? «0» дәрежесі қанша? Санның квадраты деген не? Кубы деген не? Дескриптор: - теориялық білімін практикада қолдана алады. Қалыптастырушы бағалау: «Басбармақ» әдісі (оқушылардың бірін –бірі бағалауы)	
--	---	--

Сабақтың соңы (5 минут)	Жеке жұмыс: «Кім зерек?» әдісі Критерий: - ондық бөлшектерді ондық бөлшектерге баған түрінде көбейтеді; -үтірді дұрыс жылжытады. Оқулықтың 34 бетіндегі №672 есепті орналасу реті бойынша жеке-жеке дәптерге орындайды. 1) $5,13 \cdot 0,007 = 0,03591$ 2) $0,016 \cdot 0,25 = 0,004$ 3) $0,008 \cdot 2,2 = 0,0176$ 4) $0,019 \cdot 6,2 = 0,1178$ 5) $7,5 \cdot 0,0204 = 0,153$ 6) $0,07 \cdot 0,61 = 0,0427$ 7) $10,2 \cdot 0,055 = 0,561$ 8) $4,3 \cdot 0,062 = 0,2666$ Дескриптор : -ондық бөлшектерді ондық бөлшектерге баған түрінде көбейтуді біледі. -үтірді дұрыс жылжыта алады. Қалыптастырушы бағалау: «Фигуралар» әдісі (оқушының өзін-өзі бағалауы)	
Рефлексия (5 минут)	Сабақты бекіту Рефлексия «Даналық ағашы» рефлексиясы. Оқушылар төмендегі сұрақтарға жауаптарын стикерге жазып, тақтадағы "Даналық ағашына" жапсырады . Бүгінгі сабақтан не үйрендіңіз? Қай тапсырма қиындық туғызды? Неліктен? Үйге тапсырма: (1. Алдамұратова Т.А., Байшоланов Е.С. Математика: Жалпы білім беретін мект. 5-сыныбына арн. / Т. Алдамұратова, Е. Байшоланов. 4-басылымы. - Алматы: Атамұра, 2015) № 673 есеп	